

20 ЖЫЛ ІШІНДЕ



*К.Байсейітова әріптестерімен
«Біржан-Сара» қойылымына дайындық үстінде*

Бұдан 20 жыл бұрын қазақтың ұлттық опералық искусствосының іргесі қаланды. Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры ашылды. Театрдың даңқты 20 жылдығын, оның шығармашылық өсу жолын жүрек толқымай сөз ете алмаймыз. Өйткені, көшпелі өмірдің құлы болған, аталарымыз бен әкелеріміз кең-байтақ Отанымыздағы тең құқықты көп ұлттың бірі болып, еңсесін көтеріп қатарға қосылуды, ұлт мәдениетінің, искусствосының

шарықтап өсуін, өз алдына ұлттық академиялық театры болуын, өзінің искусство қайраткерлерінің – композиторлары мен драматургтерінің, дирижерлері мен суретшілерінің болуын арман да ете алмаған еді.

Қазақ халқының тілі мен түсінігінде «искусство», «театр», «композитор», «әртіс», «оркестр», «дирижер» деген сөздер мүлде жоқ болатын. Міне, біз қазір аталарымыз бен әкелеріміз арман, қиял ете алмағанды көзімізбен көріп, қолымызбен жасап отырмыз. Коммунистік партияның басшылығы, ұлы орыс халқының көмегі арқасында қазақ халқы өзінің музыка мәдениетінің негізін қалады, ұлттық операсын құрды.

1926 жылдың 13 январында Қызылордада қазақтың тұңғыш театры Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен өзінің шымылдығын ашты. Бұдан 8 жылдан соң, 1934 жылдың 3 январында Алматы қаласында қазақтың тұңғыш музыкалы театры ашылды. Театрдың шығармашылық өсуіне мұндағы орыс драма театры зор көмек жасады.

Бұдан кейін театр музыка театры және драма театры болып екіге бөлінді. Музыка театры өзінің тұңғыш шымылдығын «Айман-Шолпан» пьесасымен ашты. Содан бері, міне, ондаған жылдар өтті, бұл уақыттар ішінде театр қазақтың халық әндерінен бастап, халықтың қазақ операсын қоюға, туысқан одақтас композиторларының, сонымен бірге орыс және Батыс Еуропа классик композиторларының операларын қоюға дейін өсті.

Театрдың «Айман-Шолпаннан» кейінгі бір бел асып, едәуір өсуі – Ленинградтан композитор Евгений Брусиловскийдің келуімен байланысты. Қазақтың опера искусствосының өсіп-өнуіне Брусиловский жолдас зор еңбек сіңірді. Ол театрға «Қыз Жібек», «Жалбыр» операларын жазып берді. Мұның өзі театрымызды бір саты көтеріп тастады. Бұл операларды қою үстінде театрдың ол кездегі жас коллективі де шығармашылық жағынан әжептәуір өсті. Соның нәтижесінде 1936 жылы Мәскеуде болған қазақ көркем өнерінің онкүндігі зор табыспен өтті.

Осыдан бір жыл өткеннен кейін, 1937 жылдың бас кезінде, театрға Мемлекеттік академиялық опера және балет театры деген атақ берілді. Бұдан соң театр Евгений Брусиловскийдің «Ер Тарғын» операсын қойды. Бұл операдан біз театр коллективінің операны дұрыс түсініп, постановканың драмалық жағын музыкамен ұштастыра отырып, музыка тілімен образ жасау ісін жақсы меңгергенін байқадық. Бұл операға қатысушы әртістер Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержанов сияқты жолдастардың әртістік шеберлігі, орындаушылық мәдениетінің арта түскенін көрдік. Сонымен бірге театрдың оркестр құрамы, дирижерлер мен сахна көрінісін жасайтын суретшілердің де зор еңбек сіңіргенін атап айтуымыз керек.

Осы екі он жыл ішінде театр бұлардан басқа да көптеген операларды – «Терең көл», «Алтын астық», «Гвардия, алға», «Аманкелді», «Абай», «Біржан мен Сара», «Төлеген Тоқтаров», «Дударай» операларын қойды. Бұлардың қайсысы болса да сәтті, тыңдаушы жұртшылығымыздың талап-тілегіне сай шықты. Бұл табысқа шығармашылық өсу жолында қажырлы еңбек ете білген театр коллективі ортақ.

Талантты композитор Мұқан Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсын қоюы театрдың қол жеткен зор табысының бірі болып есептеледі. Халық та, біздің Үкімет те бұл операны аса жоғары бағалады. Мұқан Төлебаевқа, театрдың ол кездегі режиссері, қазіргі директоры Құрманбек Жандарбековке, театрдың бір топ әртістеріне және суретшісіне жоғары награда – Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді. Бұл құрметті сыйлық қазақтың ұлттық мәдениетінің, әсіресе, искусствосының шығармашылық жағынан шарықтап өскендігінің айқын куәсі болып саналады.

Театрдың, сонымен бірге театр коллективінің аса көрнекті табысының бірі – оның орыс классиктері мен Батыс Еуропа классиктерінің еңбектерін қоюы. Орыстың атақты классик композиторы Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсын, сонымен бірге «Кармен», «Чио-Чио-Сан», «Нергиз» операларын қою үстінде театр коллективі, біріншіден, өзінің қабілеттілігін көрсетсе, екіншіден шығармашылық жағынан өсті. Орыс әдебиетінің іргесін қалаушы ұлы ақын Пушкиннің текстін, Чайковскийдің мәңгі өшпес музыкасын үйрене отырып, мен өзім де көп нәрсеге түсініп, көп жайларды үйрендім дер едім.

Театр коллективі қазақ операларын, орыс және Батыс Еуропа классиктерінің еңбектерін қоюмен қатар, туысқан одақтас республикалардың операларын қоюда да әжептәуір еңбек етті. Театр композиторы Жигановтың «Алтыншаш» операсын, грузин композиторы Палиашвилидің «Даиси» операсын жұртшылық зор ықыласпен, сүйсіне тыңдады. Сөйтіп, социалистік Ұлы Отанымыздың опералық искусствосы халықтар арасындағы туысқандық достыққа негізделген шығармашылық байланыста өсіп келеді.

Театр осы жылдар ішінде тек өнер тұрғысынан, музыкалық жағынан ғана өсіп қойған жоқ, сонымен қатар театрдың бұрынғы халық арасынан шыққан дарынды таланттардың шағын ғана тобын қазір талантты, зор шеберлер коллективіне айналдырды. Театр неше дүркін жаңа толқын, жас буындар – арнаулы мектептен өткен жас әртістер тобымен толықтырылды. Қазір бізде қазақ жастарының арасынан оқып шыққан әншілер де, режиссерлер де, дирижерлер де бар. Шығармашылық жағынан осы театрда тәрбиеленіп өскен Ғазиз Дуғашев қазір

Одақтық Үлкен театрда дирижер. Театрдың көрнекті әншілері Әнуарбек Үмбетбаев, Байғали Досымжанов, Шабал Бейсекова Сталиндік сыйлықтың лауреаты деген зор атаққа ие болды. Осы театрда тәрбиеленіп өскен жас әртістер – Байғали Досымжанов, Ермек Серкебаев жастардың Бүкіл дүниежүзілік фестиваліне қатысып, конкурс лауреаты атағын алды. Театрда соңғы қойылған жаңа опера – «Дударайда» жас әртіс Эра Епонешникова өзінің талантты әртіс, дарынды әнші екенін көрсете білді.

Бишілер – Нұрсұлу Тапалова, Рақұл Тәжиева, Қамаш Қарабалинова, Алмас Бекбосыновтың да шығармашылық зор табыстарға жеткендігін атап айтуымыз қажет.

Театрдың жас кадрлары – біздің үміт артатын болашағымыз. Олар өздерінің талантын шығармашылық жағынан байыта отырып, біздің сүйікті театрымыздың шығармашылық зор табыстарға жетуін қамтамасыз етеді.

«Сталин жолы», 1954